ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
МАХАМБЕТ АУДАНДЫҚ
МӘСЛИХАТЫ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АТЫРАУСКАЯ ОБЛАСТЬ
МАХАМБЕТСКИЙ РАЙОННЫЙ
МАСЛИХАТ

ШЕШІМ

2023 жылғы 13 желтоқсандағы
Махамбет ауылы

РЕШЕНИЕ

№67
село Махамбет

Махамбет аудандық мәслихатының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №189 «2023– 2025 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Махамбет аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «2023-2025 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Махамбет аудандық мәслихатының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №189 шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. 2023-2025 жылдарға арналған аудандық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2023 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер –18 179 959 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер –3 881 103 мың теңге;
салықтық емес түсімдер –36 610 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 3 556 мың теңге;
трансферттер түсімдері – 14 258 690 мың теңге;
2) шығындар – 18 882 619 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 4 544 мың теңге, оның ішінде:
бюджеттік кредиттер - 20 700 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 16 156 мың теңге;
4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо - 0 теңге, оның ішінде:
қаржы активтерін сатып алу - 0 теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) - - 707 204 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 707 204 мың теңге, оның ішінде:
қарыздар түсімі - 20 700 мың теңге;
қарыздарды өтеу – 16 156 мың теңге;
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 702 660 мың теңге.

2 - тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«2. 2023 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен – 12 630 926 мың теңге сомасында нысаналы трансферт көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

халықты, объектілер мен аумақтарды табиғи дүлей зілзалалардан инженерлік қорғау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге – 5 114 882 мың теңге;

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) жайластыруға – 3 128 479 мың теңге;

елді мекендердегі сумен жабдықтау жүйелерін дамытуға – 250 960 мың теңге;

спорт нысандарын дамытуға – 193 642 мың теңге;

көліктік инфрақұрылымды дамытуға – 1 760 000 мың теңге;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге -36 390 мың теңге;

қатты тұрмыстық қалдықтар полигонына қоқыстарды сұрыптау кешенін орнатуға және ангар сатып алуға – 129 500 мың теңге;

елді мекендерді абаттандыруға және көгалдандыруға – 25 700 мың теңге;

әлеуметтік қорғау ұйымдарының ағымдағы шығындарына – 38 209 мың теңге;

мәдениет ұйымдарының ағымдағы шығындарына және материалдық-техникалық жарақтандыруға – 32 107 мың теңге;

азаматтардың жекелеген санаттарына тұрғын үй сатып алуға – 612 000 мың теңге;

елді мекендерде халықтың экологиялық ағарту насихаттау жұмыстарын жүргізуге – 5 000 мың теңге;

автомобиль жолдарын күрделі жөндеуге – 902 557 мың теңге;

жаңадан сайланған аудандық мәслихат депуттаттарының біліктілігін арттыру семинарына қатысу шығындарына – 1 500 мың теңге;

елді мекендердегі көшелерді жарықтандыруға – 400 000 мың теңге.».

4 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«4. 2023 жылға арналған аудандық бюджетте ауылдық округтер бюджеттеріне – 113 715 мың теңге сомасында нысаналы трансферттер көзделсін, оның ішінде:

елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыруға – 42 707 мың теңге;

елді мекендерді абаттандыруға – 8 850 мың теңге;

елді мекендердің санитариясын қамтамасыз етуге – 20 307 мың теңге;

ауылдық округ әкімі аппаратының ағымдағы және күрделі шығындарына – 12 522 мың теңге;

мәдениет ұйымдарының ағымдағы және күрделі шығындарына – 23 241 мың теңге;

елді мекендердің автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеуге – 4 200 мың теңге;

жекешелендіру, коммуналдық мүлікті басқаруды ұйымдастыруға – 183 мың теңге;

қысқы мерзімге дайындық жұмыстарын жүргізуге - 1 705 мың теңге.».

2. Жергілікті атқарушы органының 2023 жылға арналған резерві – 32 321 мың теңге сомасында бекітілсін.

3. Көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат төрағасы **К.Мажиев**